АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

10.02.2025 № 2301-25-5-21/1801

«Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» ММ-не
/ЭҚАБЖ/

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап қоюшы «Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «KZOKORGAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, шартты бұзу туралы талап арызы бойынша 2024 жылғы 16 қыркүйекте шыққан шешім көшірмесін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі 1 -дана.

Төраға **А.Б.Саудабаев**

Орынд.: Қайырғалиева А. А.
тел.: *+7, 712-2468@sud.kz*

Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімінің аппараты
кіріс № 400 «10» 02 2025 ж.

Құжатты жасаған: ҚАЙЫРҒАЛИЕВА А. А., +77122215794, 712-2468@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: САУДАБАЕВ А. Б., 10.02.2025 14:33

КР Жоғарғы соты Төрағасы ДЖ. ЭСК тексеруінде анықталды

2301-25-5-21/1801 10.02.2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 16 қыркүйек №2301-24-00-2/1755 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Р.Балмуханова,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«KZOKORGAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:

1. «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі
2. Атырау облысының прокуратурасы
3. «Шымкент қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай-Басқарма)
4. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Атырау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі
5. «Компания «ЕвроАзияСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
6. «Строительная компания «Легион 2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Н.Мұратов
жауапкер өкілдері Н.Б.Абдикаримов, Б.Қасымбеков
үшінші тұлға өкілдері - прокурор А.Сагиндыков, Г.Алматова, Б.Айткасимов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 14 наурызда тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №25 үлгілік шарт (келесіде – шарт) жасалған. Шарттың жалпы құны – 228 814 981,70 теңге.

Шарт бойынша жауапкер Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласындағы №16 орта мектептің спорт алаңы құрылысын салу бойынша жұмыстарды құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны алған уақыттан бастап 4,5 ай мерзімде орындауға міндеттеме алған.

2024 жылғы 14 наурызда тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №26 үлгілік шарт (келесіде – шарт) жасалған. Шарттың жалпы құны – 190 655 214,22 теңге.

Шарт бойынша жауапкер Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласындағы №18 орта мектептің спорт алаңы құрылысын салу бойынша жұмыстарды құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны алған уақыттан бастап 4,5 ай мерзімде орындауға міндеттеме алған.

Бұдан басқа, 2024 жылғы 14 наурызда тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №27 үлгілік шарт (келесіде – шарт) жасалған. Шарттың жалпы құны – 247 541 083,71 теңге.

Шарт бойынша жауапкер Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласындағы №8 орта мектептің спорт алаңы құрылысын салу бойынша жұмыстарды құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны алған уақыттан бастап 4,5 ай мерзімде орындауға міндеттеме алған.

2024 жылғы 13 наурызда тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №28 үлгілік шарт (келесіде – шарт) жасалған. Шарттың жалпы құны – 207 850 538,52 теңге.

Шарт бойынша жауапкер Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласындағы №9 орта мектептің спорт алаңы құрылысын салу бойынша жұмыстарды құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны алған уақыттан бастап 4,5 ай мерзімде орындауға міндеттеме алған.

2024 жылғы 14 наурызда тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №29 үлгілік шарт (келесіде – шарт) жасалған. Шарттың жалпы құны – 185 228 660 теңге.

Шарт бойынша жауапкер Атырау облысы, Жылыой ауданындағы №1 орта мектептің спорт алаңы құрылысын салу бойынша жұмыстарды құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны алған уақыттан бастап 4,5 ай мерзімде орындауға міндеттеме алған.

2019 жылғы 03 қазандағы актіде Шымкент қаласы, «Агропром» шағын ауданында орналасқан «Шымкент қаласындағы №2 әкімшілік ғимараттың құрылысы» нысанының пайдалануға қабылданғаны көрсетіліп, аталған актіге тапсырыс беруші «Строительная компания «Легион 2030» ЖШС-нің тарапынан М.Ж.Искужин, техникалық қадағалаушы «Аманат құрылыс»

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 23.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.01.2025, сулья Саулабаева А. Б., 07.02.2025
2301-24-3-1/1865

ЖШС-нің тарапынан К.А.Сакенов, авторлық қадағалаушы «ДАЛА» жобалы-өндірістік компаниясы" ЖШС-нің атынан А.С.Ботанов, мердігер «KZOKORGAN» ЖШС-нің атынан Б.Е.Қасымбеков қолдарын қойған.

2020 жылғы 18 қарашадағы актіде Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, «Нұрсат - 2» шағын ауданында орналасқан 9-қатарлы тұрғын үйдің құрылысы нысанының пайдалануға қабылданғаны көрсетіліп, аталған актіге тапсырыс беруші «Компания «ЕвроАзияСтрой» ЖШС-нің тарапынан М.А.Хабибуллин, техникалық қадағалаушы «Аманат құрылыс» ЖШС-нің тарапынан К.А.Сакенов, авторлық қадағалаушы «ДАЛА» жобалы-өндірістік компаниясы" ЖШС-нің атынан Е.У.Маскеев, мердігер «KZOKORGAN» ЖШС-нің атынан Б.Е.Қасымбеков қолдарын қойған.

Бұдан басқа, 2021 жылғы 14 қазандағы актіде Шымкент қаласы «Нұрсат - 2» шағын ауданында орналасқан 9-қатарлы тұрғын үйдің құрылысы нысанының пайдалануға қабылданғаны көрсетіліп, аталған актіге тапсырыс беруші «Компания «ЕвроАзияСтрой» ЖШС-нің тарапынан М.А.Хабибуллин, техникалық қадағалаушы «Аманат құрылыс» ЖШС-нің тарапынан К.А.Сакенов, авторлық қадағалаушы «ДАЛА» жобалы-өндірістік компаниясы" ЖШС-нің атынан Е.У.Маскеев, мердігер «KZOKORGAN» ЖШС-нің атынан Б.Е.Қасымбеков қолдарын қойған.

2022 жылғы 17 қарашадағы актіде Шымкент қаласы «Нұрсат - 2» шағын ауданында орналасқан 9-қатарлы №3 тұрғын үйдің құрылысы нысанының пайдалануға қабылданғаны көрсетіліп, аталған актіге тапсырыс беруші «Компания «ЕвроАзияСтрой» ЖШС-нің тарапынан М.А.Хабибуллин, техникалық қадағалаушы «Аманат құрылыс» ЖШС-нің тарапынан К.А.Сакенов, авторлық қадағалаушы «ДАЛА» жобалы-өндірістік компаниясы" ЖШС-нің атынан Е.У.Маскеев, мердігер «KZOKORGAN» ЖШС-нің атынан Б.Е.Қасымбеков қолдарын қойған.

2023 жылғы 20 қыркүйектегі актіде Шымкент қаласы «Нұрсат - 2» шағын ауданында орналасқан 9-қатарлы №4 тұрғын үйдің құрылысы нысанының пайдалануға қабылданғаны көрсетіліп, аталған актіге тапсырыс беруші «Компания «ЕвроАзияСтрой» ЖШС-нің тарапынан М.А.Хабибуллин, техникалық қадағалаушы «Аманат құрылыс» ЖШС-нің тарапынан К.А.Сакенов, авторлық қадағалаушы «ДАЛА» жобалы-өндірістік компаниясы" ЖШС-нің атынан Е.У.Маскеев, мердігер «KZOKORGAN» ЖШС-нің атынан Б.Е.Қасымбеков қолдарын қойған.

Іс құжаттарындағы орындалған жұмыстар актісіне сәйкес, Шымкент қаласы, «Агропром» шағын ауданында орналасқан «Шымкент қаласындағы №2 әкімшілік ғимараттың құрылысы» нысаны бойынша 2019 жылғы мамыр айында 73 617 626 теңгенің жұмысы орындалған.

2020 жылдың сәуір айында Шымкент қаласы «Нұрсат - 2» шағын ауданында орналасқан 9-қатарлы №1 тұрғын үй құрылысы нысаны бойынша 248 926 469 теңгенің жұмысы орындалған.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 23.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.01.2025, Сулия Саулабаева А. Б., 07.02.2025

2021 жылдың мамыр айындағы актіге сәйкес, Шымкент қаласы «Нұрсат - 2» шағын ауданында орналасқан 9-қатарлы №2 тұрғын үй құрылысы нысаны бойынша 327 722 355 теңгенің жұмысы орындалған.

2022 жылдың маусым айындағы актіге сәйкес, Шымкент қаласы «Нұрсат - 2» шағын ауданында орналасқан 9-қатарлы №3 тұрғын үй құрылысы нысаны бойынша 327 382 185 теңгенің жұмысы орындалған.

2023 жылдың мамыр айындағы актіге сәйкес, Шымкент қаласы «Нұрсат - 2» шағын ауданында орналасқан 9-қатарлы №4 тұрғын үй құрылысы нысаны бойынша 376 489 503 теңгенің жұмысы орындалған.

Басқарманың Атырау облыстық прокуратурасының 2024 жылғы 29 сәуірдегі хатына берген жауабында, хатта көрсетілген пайдалануға қабылдау актісіндегі деректерге сәйкес, тапсырыс беруші – «Компания ЕвроАзияСтрой» ЖШС-і тарапынан «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабының 12-тармағының талаптарына сәйкес, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламалардың Басқарма реестрінде тіркелмегені, нысанның пайдалануға қабылдау актісі Басқармаға салыстырып тексеруге өтініштердің түспегені, хатта көрсетілген нысандардың құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы талоны мен объектіні пайдалануға қабылдау актілері жоқ екендігін хабарлаған.

Атырау облысы прокурорының 2024 жылғы 28 мамырдағы ұсынуында «KZOKORGAN» ЖШС-нің «қызметтерді сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшерттар туралы мәліметтер» атты №11 Қосымшасын зерделеу барысында 2019 жылы «Строительная компания «Легион 2030» ЖШС-нің тапсырысы бойынша – «Строительство административно-бытового здания №2 в г.Шымкент, мкр.Агропром» және 2020-2023 жылдар аралығында «Компания «ЕвроАзияСтрой» ЖШС-нің тапсырысы бойынша – «Строительство 9-ти этажных жилых домов в мкр.Нурсат-2 в г.Шымкент. Жилой дом №1,2,3,4» атты құрылыс жұмыстарын жүргізгенін көрсеткені, алайда, Басқарманың жауабына сәйкес, «KZOKORGAN» ЖШС-нің құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаның тіркелмегені, Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің жауабына сәйкес жоғарыда аталған тапсырыс беруші мекемелер мен мердігердің арасында кіріс-шығыс операцияларының болмағаны белгілі болғаны көрсетілген.

Сондықтан облыс прокурорының ұсынуында «KZOKORGAN» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу, хаттама қорытындыларды, шарттарды жарамсыз деп тану ұсынылған.

Талап қоюшы сотқа талап қойып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 23.09.2024

2301-24-3-1/1865

Заңды күшіне енген күні: 15.01.2025 Сулия Саулабаева А. Б., 07.02.2025

бойынша жалған ақпарат бергенін, сөйтіп жеңімпаз атанғанын, бұл мән-жай облыстық прокуратураның ұсынуында көрсетілгенін атап өткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, құрылыс-монтждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама тіркелмегенін, жұмысты орындағаны үшін қаражат аударымдары болмағанын, нысанды пайдалануға қабылдау актісі тіркелмегенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілдері Н.Б.Абдикаримов, Б.Қасымбеков талапты қарсы пікірде келтірілген уәждерге байланысты мойындамай, тапсырыс берушімен жасақталған шарттар бойынша жұмыстардың басталып кеткенін, құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны жөнінде хабарламаны тіркеу, қабылдау актісін бекіту тапсырыс берушінің міндеті болып табылатынын, нысанды пайдалануға қабылдау актілерінің заңсыз немесе жарамсыз деп танылмағанын көрсетіп, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Іс бойынша даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға Атырау облысы прокуратурасының өкілі А.Сагындыков талаппен келісетінін, жауапкердің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша жалған, табиғатында жоқ ақпарат ұсынып, жеңімпаз атанғанын, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаның тіркелмегенін, үлкен 9 қатарлы тұрғын үйлердің салынғанына қарамастан тапсырыс берушілермен қаражаттар мердігерге аударылмағаны көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға - «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі Г.Алматова талаппен келісетінін, қаражатты аудару нысанды пайдалануға қабылдау актісіне қол қоймастан бұрын жүргізілуі тиіс екенін, шешім қабылдауды сот құзырына қалдыратынын көрсетті.

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға - Басқарма өкілі Б.Айткасимов талапты қуаттап, құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама Басқармада тіркелмесе мердігер жұмысты бастауға кіріспеуі керек екенін, егер хабарлама тіркелмесе құрылыс басталмаған болып есептелетінін, нысанды пайдалануға қабылдау актісін тіркеуге Басқарма келісім беретінін көрсетіп, шешімді сот құзырына қалдыратынын көрсетті.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған үшінші тұлға өкілдері сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің дәлелділігі жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өздерінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі үшінші тұлға өкілдерінің қатысуынсыз қарады.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 23.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.01.2025, Сулья Саулабаева А. Б., 07.02.2025
2301-24-3-1/1865

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 2-бабының 1)-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат деп әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер түсінілуге жатады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының (әрі қарай - НҚ) 9)-тармағына сай, әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші: 1) біліктілік талаптары бойынша; 2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның <u>11-бабы</u> 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға: әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы туралы; төленген салықтардың көрсеткіштері туралы; тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар жатады.

Атырау облыстық прокуратурасымен жүргізілген тексеру барысында, «KZOKORGAN» ЖШС-нің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін 2019 жылы «Строительная компания «Легион 2030» ЖШС-нің тапсырысы бойынша – «Строительство административно-бытового здания №2 в г.Шымкент, мкр.Агропром» және 2020-2023 жылдар аралығында «Компания «ЕвроАзияСтрой» ЖШС-нің тапсырысы бойынша – «Строительство 9-ти этажных жилых домов в мкр.Нурсат-2 в г.Шымкент. Жилой дом №1,2,3,4» атты құрылыс жұмыстарын жүргізгенін көрсеткені, Басқарманың жауабына сәйкес, «KZOKORGAN» ЖШС-нің құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 23.09.2024
2301-24-3-1/1865
Заңды күшіне енген күні: 15.01.2025, Сулия Саулабаева А. Б., 07.02.2025

хабарламалардың тіркелмегені, Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің жауабына сәйкес жоғарыда аталған тапсырыс беруші мекемелер мен мердігердің арасында кіріс-шығыс операцияларының болмағаны анықталған.

Сонымен қатар, Басқарманың Атырау облыстық прокуратурасының хатына берген жауабында, хатта көрсетілген пайдалануға қабылдау актісіндегі деректерге сәйкес, тапсырыс беруші – «Компания ЕвроАзияСтрой» ЖШС-і тарапынан «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабының 12-тармағының талаптарына сәйкес, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламалардың Басқарма реестрінде тіркелмегені, нысанның пайдалануға қабылдау актісі Басқармаға салыстырып тексеруге өтініштердің түспегені, хатта көрсетілген нысандардың құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы талоны мен объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің жоқ екендігі хабарланған.

Аталған мән-жайларды сот отырысында үшінші тұлға өкілі ретінде қатысқан Б.Айткасимов бекітті.

АПК-нің 72-бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Жауапкер құрылыс жұмыстарының онымен аяқталып, пайдалануға берілгенін бекіткенімен, тапсырыс берушілермен арада жасалған тиісті шарттарды сотқа ұсынбады, конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық ақпарат берілгенін тиісті дәлелдермен растай алмады.

Талап қоюшының жауапкермен 2019 жылы «Строительная компания «Легион 2030» ЖШС-нің тапсырысы бойынша – «Строительство административно-бытового здания №2 в г.Шымкент, мкр.Агропром» және 2020-2023 жылдар аралығында «Компания «ЕвроАзияСтрой» ЖШС-нің тапсырысы бойынша – «Строительство 9-ти этажных жилых домов в мкр.Нурсат-2 в г.Шымкент. Жилой дом №1,2,3,4» атты нысандарында құрылыс жұмыстарын бастап жүргізгеніне, аяқтап, пайдалануға тапсырғанына қатысты күмән келтіретін дәлелдер жоққа шығарылмады.

Жауапкер құрылыс нысандарын аяқтап, пайдалануға тапсырған 2019 жылдан бері қарай тапсырыс берушілерден жасалған жұмыс үшін ақыларын өндіру жөнінде тиісті талап қоюмен сотқа жүгінбеген.

Аталған мән-жайлар жауапкердің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергендігі туралы талап қоюдың

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 23.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.01.2025, сулия Саулабаева А. Б., 07.02.2025

2301-24-3-1/1865

уәждерін негізді деп тануға, соған сәйкес талапты қанағаттандыруға негіз болады.

Жауапкерден АПК-нің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196,117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің «KZOKORGAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«KZOKORGAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«KZOKORGAN» жауапкершілігі шектеулік серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья к/қ А.Р.Балмуханова
Көшірмесі дұрыс
Төраға А.Б.Саудабаев

Шешім заңды күшіне 15 қаңтар 2025 жылы енді.
Төраға А.Б.Саудабаев

Сотпен бекітілді
Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 23.09.2024
Заңды күшіне енгені: 15.01.2025, Сулья Саулабаева А. Б., 07.02.2025
2301-24-3-1/1865